

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ИНДУСТРИИ И
ИНФРАСТРУКТУРНОГО РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11, 98 33 33 факс: 8(7172) 98 31 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

010000, г. Нур-Султан, пр. Кабанбай Батыра 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11, 98 33 33 факс: 8(7172) 98 31 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

№ _____

*2021 жылғы 22 ақпандағы
№ ДЗ-53 депутаттық сауалға*

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Ақ жол» ҚДП фракциясының

депутаттары:

**А. Сембиновке
А. Перуашевқа
Е. Барлыбаевқа
Д. Еспаеваға
Б. Дүйсембиновке
А. Әбілдаевқа
С. Ерубаяевқа
А. Жұмабаеваға
Қ. Исаға
А. Линникке
Е. Өмірғалиға
М. Раманқұловқа**

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы фракциясының жоғарыда көрсетілген депутаттық сауалын қарап, келесіні хабарлайды.

1) сұрақ бойынша, 2015-2020 жылдар аралығында әрбір ірі шетелдік жер қойнауын пайдаланушылар бойынша жергілікті қамтудың қандай үлесіне қол жеткізілді?

Тау-кен секторының жер қойнауын пайдаланушылары үшін жергілікті қамту бойынша есептілікті тапсыру саласындағы ҚР заңнамасына сәйкес 2020 жылғы жергілікті қамту бойынша қорытынды көрсеткіштер ағымдағы жылдың 30 сәуірінен кейін (өңдеу үшін уақытты ескере отырып, ағымдағы жылдың маусымынан ерте емес) қолжетімді болады.

Осыған байланысты, 2015 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі (8 ай) кезеңде жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді орындау бойынша ақпарат тау-кен секторының барлық жер қойнауын пайдаланушылары бойынша ұсынылды (Excel форматындағы шығыс нысандар қоса беріледі).

2)сұрақ бойынша, 2015-2020 жылдар кезеңінде әрбір ірі шетелдік жер қойнауын пайдаланушы бойынша сатып алу процесінде қанша жергілікті қамту талаптарының бұзушылықтары анықталды және қандай шаралар қабылданды?

Жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін сақтау тұрғысынан сатып алуды талдауға сүйене отырып, негізінен рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар байқалады. Негізгі рәсімдік бұзушылықтарға: әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулары назарсыз және жауапсыз қалуы, тапсырыс берушілердің әлеуетті өнім берушілерге қойылатын жоғары және заңсыз талаптары, конкурс қорытындыларын шығару хаттамаларына қол қою мерзімін бұзу және басқалары жатады.

Осындай бұзушылықтарды алдын алу мақсатында өнім берушілер мен тапсырыс берушілер үшін ресми жазбаша түсініктемелер беріледі, ТЖҚ сатып алу және «Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі» мемлекеттік ақпараттық жүйесін (бұдан әрі - Тізілім МАЖ) пайдалану бөлігінде жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманың ауызша кеңестері жүйелі түрде жүргізіледі.

Министрлік келісімшарттар бойынша міндеттемелерді орындау мониторингі шеңберінде Тізілім МАЖ-ге ұсынатын есептерді талдау арқылы соңғы алты жылда жергілікті қамту бөлігінде міндеттемелердің бұзылуы туралы хабарлама жіберді, атап айтқанда:

2015 жылы-270 хабарлама, оның ішінде ірі шетелдік жер қойнауын пайдаланушыларға 7 хабарлама,

2016 жылы-132, оның ішінде ірі шетелдік жер қойнауын пайдаланушыларға 4 хабарлама,

2017 жылы-260, оның ішінде ірі шетелдік жер қойнауын пайдаланушыларға 1 хабарлама,

2018 жылы-94, оның ішінде ірі шетелдік жер қойнауын пайдаланушыларға бірде-бір хабарлама,

2019 жылы-147 хабарлама, оның ішінде ірі шетелдік жер қойнауын пайдаланушыларға 2 хабарлама,

2020 жылы-280 хабарлама, оның ішінде ірі шетелдік жер қойнауын пайдаланушыларға 1 хабарлама.

Келісімшарттардың негізгі үлесі модельдік келісімшарттарда (кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін қолданыста болған) көзделген, жер қойнауын пайдаланушының өзі қабылдаған міндеттемелерді орындамағаны, тиісінше орындамағаны үшін, оның ішінде жергілікті қамту жөніндегі міндеттемелерді

орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын төлеу түріндегі жауапкершілігін қамтитын ережелерді қамтиды.

2015-2016 жылдары Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі 2015 жылғы 14 қыркүйекте №20-19/06-123 бекіткен 2015-2016 жылдары экономикалық өсуді қамтамасыз ету жөніндегі жедел шаралар жоспары (Дағдарысқа қарсы жоспар) қолданылғандықтан, Министрлік тұрақсыздық айыбын қолдану бойынша шаралар жүргізген жоқ, басқа да баламалы шаралар (*хабарламалар жіберу және т.б.*) қолданылды.

Заңнамада белгіленген тәртіппен 2017 жылдың қорытындысы бойынша 2018 жылы 22 келісімшарт бойынша жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамағаны үшін жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты 49 704 940 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын салу бойынша жұмыс жүргізілді, олардың арасында ірі шетелдік жер қойнауын пайдаланушылар жоқ.

2019 жылдың қорытындысы бойынша жер қойнауын пайдаланушыларға жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін 62 466,2 мың теңге сомасында тұрақсыздық айыбымен 23 хабарлама жолданды. Осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

2020 жылдың қорытындысы бойынша тұрақсыздық айыбын салу, оның ішінде жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жұмыс тау-кен секторы жер қойнауын пайдаланушыларымен жергілікті қамту бойынша есептілікті тапсырғаннан кейін іске асырылатын болады.

3) *сұрақ бойынша ҚР кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісім жобасында келесі нормалар қарастырылады ма?:*

- уәкілетті органға қазақстандық өндірушілердің мүдделерін бұзушылықтар анықталған кезде шетелдік жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алу нәтижелерін жою бойынша өкілеттіктер беру

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 61-бабының 2) тармақшасына сәйкес Министрлікке уранды қоспағанда, пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша өкілеттіктер бекітілген.

Бақылау функцияларын жүзеге асыру шеңберінде Министрлік сатып алу қызметін жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушылардың іс-әрекеттеріне әлеуетті өнім берушілердің шағымдарын қарауды жүзеге асырады.

Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 21 мамырдағы. №355 бұйрығымен бекітілген Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің қатты пайдалы қазбаларды өндіру бойынша операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын (бұдан әрі – Қағидалар) бұза отырып, сатып алуды жүргізген жағдайда, Қағидалардың 17-тармағына сәйкес сатып алудың күші жойылуға жатады.

Егер Кодекстің 213-бабына сәйкес тапсырыс беруші сатып алудың күшін жоймаса, осы сатып алу бойынша шығыстарды Министрлік жер қойнауын

пайдаланушының келісімшарт (лицензия) бойынша қаржылық (лицензиялық) міндеттемелерді орындауы ретінде есептемейді.

Мемлекеттік органның шешімі бойынша конкурстың күшін жою өндірістік циклдің тоқтатылуына әкелуі мүмкін, өйткені конкурсты қайтадан өткізу қажет болады. Қазіргі уақытта жер қойнауын пайдаланушыда сатып алуды таңдауға, не оның күшін жоюға және оны қайтадан өткізуге, не сатып алуды аяқтауға құқығы бар, бұл ретте өндірістік цикл тоқтамайды, бірақ құзыретті органның келісімшарт (лицензия) бойынша қаржылық міндеттемелерді орындамағаны үшін келісімшарттарда (лицензияларда) айыппұл санкциялары көзделген сомандан осы соманы шегеруге көрінеу келісе отырып, осы соманы шегеруге құқығы бар.

Кодекстің 36-бабының 7-тармағына сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдаланушының кәсіпкерлік қызметінің нәтижелерін нашарлататын Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістер мен толықтырулар осындай өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін жасалған келісімшарттарға қолданылмайды.

Осы норманы енгізу кәсіпкерлік қызмет нәтижелерінің нашарлауына әкеп соғуы мүмкін, өйткені сатып алудың күшін жою және оның салдарынан өндірістік циклды тоқтату келісімшартта (лицензияларда) белгіленген мерзімдерде келісімшарт (лицензия) бойынша нақты көлемнің орындалуына тікелей әсер етеді.

Бұдан басқа, әлеуетті өнім берушілердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру (конкурстық өтінімдер негізсіз қабылданбаған жағдайда), сондай-ақ Қағидаларды бұза отырып жүргізілген сатып алу қорытындылары бойынша жасалған шарттарды жарамсыз деп тану бойынша сот процестерін жүргізу тәжірибесі даулы мәселелерді шешу үшін соттар көбінесе тар бейінді мамандарды (мысалы, химиялық өнім құрамының конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес еместігін растау үшін химиктер) тартатынын көрсетеді. Мемлекеттік органның штатында тапсырыс берушілер өткізетін сатып алудың барлық саласындағы мамандар жоқ, сондықтан сатып алу бойынша объективті шешім қабылдау қиын болуы мүмкін. Бұл жағдай бұдан әрі жер қойнауын пайдаланушылардың мемлекеттік органдардың конкурстық рәсімдерді заңсыз жою жөніндегі шешімдеріне дау айтуына әкелуі мүмкін.

Жоғарыда айтылғанның негізінде сатып алуды жою және шарттарды жарамсыз деп тану барлық мүдделі тараптарды, сондай-ақ белгілі бір саладағы мамандарды тарта отырып, сот органдарының қызметі шеңберінде жүзеге асырылуы тиіс деп санаймыз;

- кәсіпкерлердің салалық одақтарының өкілдерін тендерлік комиссиялардың тәуелсіз мүшелері ретінде жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алу жөніндегі тендерлік комиссияларына қосу.

Қағидалар конкурстық өтінімдерді қабылдамауға/жіберуге қатаң регламенттелген негіздерді көздейді, конкурстық комиссияға Қағидаларда көзделмеген шешімдерді қабылдау бойынша өкілеттіктер берілмеген.

Осыған байланысты, жер қойнауын пайдаланушылардың ішкі әкімшілік процестеріне жеке тұлғалардың (қауымдастық өкілдерінің) араласуын негізсіз деп санаймыз, бұған қоса бұл араласу сыбайлас жемқорлықтың құрамдас бөлігі болуы

мүмкін, өйткені қауымдастық мүшелері шешім қабылдау кезінде мүдделі тарап болып табылады;

- жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларындағы қазақстандық өндірушілердің төлем мерзімдерін күнтізбелік 60 күннен 30 күнге дейін қысқарту.

Бұл норма Қағидалардың 119-тармағында көзделген;

- уәкілетті мемлекеттік органның, сондай-ақ өндіруші салалардағы жергілікті атқарушы органдардың жұмысын бағалау үшін жергілікті қамту үлесінің көрсеткіштерін айқындау көзделе ме?

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 2021 – 2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында жер қойнауын пайдаланушылардың ТЖҚ сатып алуындағы жергілікті қамту үлесі бойынша нысаналы индикатор (*тау-кен кешені*) көзделген.

Сонымен бірге, бұл жағдайда сатып алуды ұйымдастырушылар (тапсырыс берушілер) жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылады және ТЖҚ-ны сатып алу тек осы субъектілердің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 3-бабына сәйкес кәсіпкерліктің негіз қалаушы қағидаттарының бірі мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке шектеулі қатысу қағидаты болып табылады.

Осыған байланысты, уәкілетті мемлекеттік органның, сондай-ақ өндіруші салалардағы жергілікті атқарушы органдардың жұмысын бағалау үшін жер қойнауын пайдаланушылардың ТЖҚ сатып алуындағы жергілікті қамту үлесінің көрсеткіштерін айқындау орынсыз деп санаймыз

**Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрі**

Б. Атамқұлов

*Орынд.: Ә.Д. Қырқымбаев
Тел.75-48-72
Email: a.kirkimbaev@miid.gov.kz.*

*На депутатский запрос № ДЗ-53
от 22 февраля 2021 года*

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
от Фракции ДПК «Ак жол»:**
**А. Сембинову
А. Перуашеву
Е. Барлыбаеву
Д. Еспаевой
Б. Дюсембинову
А. Абильдаеву
С. Ерубаяеву
А. Жумабаевой
Қ. Иса
А. Линнику
Е. Өмірғали
М. Раманкулову**

Уважаемые депутаты!

Министерство индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (далее – Министерство) рассмотрев вышеуказанный депутатский запрос от фракции Демократической партии Казахстана «Ак жол», сообщает следующее.

по вопросу 1) какая доля местного содержания по каждому крупному иностранному недропользователю была достигнута в период с 2015 по 2020 годы?

В соответствии с законодательством РК в области сдачи отчетности по местному содержанию для недропользователей горнорудного сектора, итоговые показатели по местному содержанию за 2020 год будут доступны после 30 апреля текущего года (с учетом времени для обработки не ранее июня текущего года).

В связи с этим, информация по исполнению обязательств по местному содержанию в период с 2015 по 2020 год (8 месяцев) представлена по всем недропользователям горнорудного сектора (выходные формы в формате Excel прилагаются).

по вопросу 2) сколько нарушений требований местного содержания в процессе закупок по каждому крупному иностранному недропользователю были выявлены в период с 2015 по 2020 годы и какие меры были приняты?

Исходя из анализа закупок недропользователей на предмет соблюдения ими порядка приобретения товаров, работ и услуг, в основном наблюдаются нарушения

процедурного характера. К основным процедурным нарушениям относятся: запросы потенциальных поставщиков о разъяснении положений конкурсной документации остаются без внимания и ответа, завышенные и неправомерные требования заказчиков к потенциальным поставщикам, нарушение срока подписания протоколов подведения итогов конкурса и другие.

В целях предотвращения такого рода нарушений для поставщиков и заказчиков предоставляются официальные письменные разъяснения, систематически проводятся устные консультации законодательства о недрах и недропользовании в части приобретения ТРУ и пользования государственной информационной системой «Реестр товаров, работ и услуг, используемых при проведении операций по недропользованию и их производителей» (далее - ГИС Реестр).

Министерством в рамках мониторинга исполнения обязательств по контрактам, посредством анализа отчетов, представляемых недропользователями в ГИС Реестр, за последние шесть лет направлены уведомления о нарушении обязательств в части местного содержания, а именно:

в 2015 году - 270 уведомлений, из них 7 уведомлений крупным иностранным недропользователям,

в 2016 году – 132, из них 4 уведомления крупным иностранным недропользователям,

в 2017 году – 260, из них 1 уведомление крупному иностранному недропользователю,

в 2018 году – 94, из них ни одного уведомления крупным иностранным недропользователям,

в 2019 году – 147 уведомлений, из них 2 уведомления крупным иностранным недропользователям,

в 2020 году – 280 уведомлений, из них 1 уведомление крупному иностранному недропользователю.

Основная доля контрактов содержит положения, предусмотренные модельными контрактами (действовавшими до введения в действие Кодекса), включающие ответственность недропользователя в виде уплаты неустойки за неисполнение, ненадлежащее исполнение принятых им обязательств, в том числе, за невыполнение обязательств по местному содержанию.

В связи с тем, что в 2015-2016 годах действовал План оперативных мер по обеспечению экономического роста в 2015-2016 годах (Антикризисный план), утвержденный Премьер-Министром Республики Казахстан от 14 сентября 2015 года №20-19/06-123, Министерством не проводились меры по наложению неустойки, а применялись другие альтернативные меры (*направление уведомлений и др.*).

В установленном законодательством порядке в 2018 году по итогам 2017 года проведена работа по наложению неустойки в отношении недропользователей за ненадлежащее исполнение обязательств по местному содержанию в размере 49 704 940 тенге по 22 контрактам, среди которых крупные иностранные недропользователи отсутствуют.

По итогам 2019 года недропользователям было направлено 23 уведомления за неисполнение обязательств по местному содержанию с наложенной неустойкой на сумму 62 466,2 тыс. тенге. Работа в данном направлении продолжается.

По итогам 2020 года работа по наложению неустоек, в том числе за неисполнение обязательств по местному содержанию будет осуществляться после сдачи отчетности по местному содержанию недропользователей горнорудного сектора.

по вопросу 3) будут ли в проекте Соглашения о стимулировании предпринимательства РК предусмотрены следующие нормы:

- наделение уполномоченного органа полномочиями по отмене результатов закупок иностранных недропользователей при выявлении нарушений интересов казахстанских производителей.

Согласно пп.2) ст.61 Кодекса РК «О недрах и недропользовании» (далее – Кодекс) за Министерством закреплены полномочия по осуществлению государственного контроля за соблюдением недропользователями порядка приобретения товаров, работ и услуг при проведении операций по добыче твердых полезных ископаемых, за исключением урана.

В рамках осуществления контрольных функций, Министерство осуществляет рассмотрение жалоб потенциальных поставщиков на действия недропользователей при проведении закупочной деятельности.

В случае проведения недропользователем закупки с нарушением Правил, закупка подлежит отмене в соответствии с п.17 Правил приобретения недропользователями и их подрядчиками товаров, работ и услуг, используемых при проведении операций по добыче твердых полезных ископаемых, утвержденных Приказом Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 21.05.2018г. №355 (далее – Правила).

Если закупка не была отменена заказчиком, согласно ст.213 Кодекса, расходы по данной закупке не засчитываются Министерством в качестве исполнения недропользователем финансовых (лицензионных) обязательств по контракту (лицензии).

Отмена конкурса по решению государственного органа может привести к остановке производственного цикла, так как необходимо будет проводить конкурс заново. У недропользователя же в настоящее время есть право выбора, либо отменить закупку и провести ее заново, либо завершить закупку, при этом производственный цикл не остановится, но заведомо соглашаясь на вычет компетентным органом данной суммы из суммы исполнения финансовых обязательств по контракту (лицензии), за нарушение которых, контрактами (лицензиями) предусмотрены штрафные санкции.

Согласно п.7 ст.36 Кодекса изменения и дополнения в законодательстве Республики Казахстан, ухудшающие результаты предпринимательской деятельности недропользователя по контрактам на недропользование, не применяются к контрактам, заключенным до внесения таких изменений и дополнений.

Внедрение данной нормы может привести к ухудшению результатов предпринимательской деятельности, так как отмена закупок и как следствие

остановка производственного цикла, непосредственно влияет на исполнение физического объема по контракту (лицензии) в установленные контрактом (лицензиями) сроки.

Кроме того, практика проведения судебных процессов по восстановлению нарушенных прав потенциальных поставщиков (в случае необоснованного отклонения конкурсных заявок), а также признания недействительными заключенные договоры по итогам закупок, проведенных с нарушением Правил, показывает, что для разрешения спорных моментов судами зачастую привлекаются узкопрофильные специалисты (к примеру химики для подтверждения несоответствия состава химической продукции требованиям конкурсной документации). В штате государственного органа отсутствуют специалисты во всех сферах закупок, проводимых заказчиками, следовательно, принятие объективного решения по закупке может быть затруднительным. Данная ситуация в дальнейшем может привести к оспариванию недропользователями решений государственных органов по незаконной отмене конкурсных процедур.

На основании изложенного, считаем, что отмена закупок и признание договоров недействительными должно осуществляться в рамках деятельности судебных органов с привлечением всех заинтересованных сторон, а также специалистов в определенной сфере;

- включение представителей отраслевых союзов предпринимателей в тендерные комиссии по закупкам недропользователей как независимых членов тендерных комиссий.

Правила предусматривают строго регламентированные основания для отклонения/допуска конкурсных заявок, конкурсная комиссия не наделена полномочиями по принятию решений, не предусмотренных Правилами.

В связи с этим, считаем необоснованным вмешательство частных лиц (представителей ассоциации) во внутренние административные процессы недропользователей, кроме того, данное вмешательство может иметь коррупционную составляющую, так как члены ассоциации являются заинтересованной стороной при принятии решений;

- сокращение сроков оплаты казахстанским производителям в закупках недропользователей с 60 до 30 календарных дней.

Данная норма предусмотрена п.119 Правил;

- предусматривается ли определение показателей доли местного содержания для оценки работы уполномоченного государственного органа, а также местных исполнительных органов в добывающих отраслях?

В стратегическом плане Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан на 2021 – 2025 годы предусмотрен целевой индикатор по доле местного содержания в закупках ТРУ недропользователей (*горнорудный комплекс*).

Вместе с тем организаторами (заказчиками) закупок в данном случае являются субъекты частного предпринимательства и приобретение ТРУ осуществляется исключительно за счет собственных средств этих субъектов.

Согласно ст.3 Предпринимательского кодекса РК одним из основополагающих принципов предпринимательства является принцип ограниченного участия государства в предпринимательской деятельности.

В этой связи, считаем нецелесообразным определение показателей доли местного содержания в закупках ТРУ недропользователей для оценки работы уполномоченного государственного органа, а также местных исполнительных органов в добывающих отраслях

**Министр индустрии
и инфраструктурного развития
Республики Казахстан**

Б. Атамкулов

*Исп.Киркимбаев.А.Д
Тел.75-48-72
Email: a.kirkimbaev@miiid.gov.kz.*